

**НҮР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ**

БЕКІТЕМІН
Ректор Мұхаммед аш-Шаххат
әл-Жинди _____

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B02 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: «6B02203-Теология»

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері) /ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B02203-Теология» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

АЛМАТЫ, 2021

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Жумашова Ж.А.	Кафедра меңгерушісі	
Затов Қ.А.	ф.ғ.д., профессор м.а.	
Хамзеева Б.	ф.ғ.к., доц.	
Есімқұлов Е.Н.	Нұр-Мұбарак ЕИМУ. Білім алушы	
Мажиев Ғ.Ж.	ҚМДБ Аппарат жетекшісі. Жұмыс беруші өкілі	
Смагулов М.Н.	Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті. Дінтану кафедрасының меңгерушісі. Түлек өкілі	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Сандыбаев Ж.С.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Әділбаева Ш.А.	Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Махмет М.	Оқу әдістемелік басқарма басшысы	
Жолмағанбетова М.А.	Оқу әдістемелік кеңес төрайымы	
Ержан Қ.С.	Декан орынбасары	

Білім беру бағдарламасы дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 8 «25» 03 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі Жумашова Ж.А. _____

Ислам ілімдері факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 7 «29» 03 2021 ж.

Факультет деканы Мухаммад Абделмаксуд Дауд _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.

Хаттама №5 «9» 04 2021 ж.

ОӘК төрайымы М.А. Жолмағанбетова _____

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама №8 «12» 04 2021 ж.

ТЕОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«Теология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі діндерге қатысты білімге ие, діни саладағы өзекті тақырыптардан хабардар, даулы мәселелердің шешімін таба білетін, тарихи және заманауи түрлі дереккөздерді еркін пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі дінге қатысты жағдаяттардан хабардар және соларға қатысты пікірталастарға қатысып, ойын жеткізе алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасы білім алушының жан-жақты дамуын, білікті маманға, құзіретті тұлғаға айналуын мақсат ретінде көре отырып, теологиялық зерттеулерді жүргізуде маңыздылығы ерекше тіл біліміне, далалық зерттеу әдістеріне, тәжірибе жинақтауға баса назар аударады. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабардар болуына және оны іс жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Теология» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы қоғамдағы барлық діни құбылыстарға теологиялық сараптама жасай алатын әрі дінге қатысты кез келген салада қызмет атқара алатын құзіретті маман болып шығады. Қоғамда теологиялық мәселелерді түсіндіріп, діни ұстанымдарды айқындап, дінге қатысты шиеленіскен жағдайларды шеше білетін білікті мамандарға сұраныс өте жоғары. Жаңа әрі жат діни ағымдардың жетегінде кеткен азаматтардың қайта әлеуметтенуіне, психологиялық тұрғыда сауығып, өмірге, қайта қалыпқа келуіне оңалту орталықтарындағы теолог мамандардың тигізер ықпалы зор. «Теология» білім беру бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы мемлекеттік қызметкер, тәуелсіз сарапшы, діни қызметкер ретінде бірнеше мемлекеттік мекемелерде еңбек етіп, қазіргі кезеңдегі жұмыс берушілердің басты талаптарына жауап бере алатын білікті маман атанады. Сол себепті мамандардың жұмыспен қамтамасыз етілуі қоғам талабы мен еңбек нарығының сұранысына сай.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Теология» білім беру бағдарламасының мақсаты: Еңбек нарығының талаптарына сай теориялық білім мен практикалық дағдыға ие, заманауи әдістерді қолдануға құзіретті теолог мамандарды дайындау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді толеранттылық негізде қабылдау;
- (НҚ2) Ғылыми әдебиетті талдау және аннотациялау қабілетіне және қызметтік құжаттар мен іскерлік хат алмасуды дайындау;
- (НҚ3) Ойлау мәдениетін қалыптастырып, жазба және ауызекі тілде ойлау белсенділігінің нәтижесін сауатты түрде рәсімдеп, жеткізу;
- (НҚ4) Болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түйсініп, кәсіби қызметін жүзеге асыруда жоғары деңгейлі мотивацияға ие болу;
- (НҚ5) Кәсіби міндеттерді шеше алуға қабілетті болатындай деңгейде бір шет тілін ислам теологиясын, теорияларын меңгеріп шығу;
- (НҚ6) Базалық теологиялық мәліметтерді түсініп, сыни түрде талдап, жеткізу;
- (НҚ7) Қазіргі діни үрдістер мен үдерістерді, әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің дамуы мен даму перспективаларын, діни ілімдердің эволюциясының негізгі бағыттарын сипаттау;

- (НҚ8) Діндерді тарихына, моралдық-этикалық құндылықтары мен тұжырымдарына қарай классификациялауға және олардың қазіргі кездегі діни-этикалық проблемаларын талдау.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Теологияның қалыптасуы мен оның даму кезеңдері жайлы түсінікке, діни мәселелерге талдау жүргізудің негізгі теориялық және әдістемелік тәсілдері жайлы білімге ие болу, діндердің тарихын салыстыра оқып, ортақ заңдылықтарын айқындап, негіздей алу және талдау жүргізудің теориялық тәсілдері жайлы білімге ие болу, діндер тарихындағы жаңа діни ағымдар мен культтерді зерттей отырып, ұлттық діндердің қоғамдағы рөліне баға бере алу, діндерді «секта», «деноминация», «конфессия» сияқты категорияларға бөле алу, студенттерді эстетика, өнер мен сәулет тарихы, қолөнер мен жазба өнеріне қатысты тақырыптарды меңгеріп, талдай алуын қалыптастыру;
- (ОН2) Діндар адамның психологиялық ерекшеліктерін түсіну, діни және діни емес көзқарастардың қарым-қатынасын талдауға дағдылану, әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер мен олардың қоғамға әсері жайлы мәліметтер мен ақпараттарды заманауи технологиялар арқылы жинақтап, жүйелеп, өз бетінше талдау қабілетіне ие болу, діндердің арасындағы ерекшеліктерді түсіну, діни және діни емес дүниетаным арасында қарым-қатынасты талдауға дағдылану, қазіргі қоғамдағы діннің орны мен діндарлық деңгейінің артып-кемуіне әсер ететін факторлармен танысу;
- (ОН3) Педагогикалық білімді теориялық және практикалық құрал деңгейінде меңгеріп, кәсіби тұлғасын дамыту, тәрбиенің негізгі заңдылықтарын зерттей отырып, болашақта кәсіби сұранысты қамтамасыз ету мақсатымен жеке ақпараттық өріс жасай алу. Сауатты жазба және ауызекі тілді меңгеріп, өз ойын, ұстанымын тұщымды түрде жеткізе білу, кәсіби қызмет аясында жекеленген тұлғалар мен топтардың іс-әрекетін талдау, бағамдау, реттеуге қабілетті болу, Дінтанушының кәсіби қызметінің мақсатын, әдістері мен әдіснамасын білу;
- (ОН4) Қазіргі заманғы Қазақстан тарихын меңгеру; мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастардың құрылымдық заңдылықтарын түсіну;
- (ОН5) Дін эволюциясының жалпы заңдылықтарын ашу, түсіндіруге қабілетті болу, діндердің дамуының ортақ заңдылықтарын айқындап, негіздей алу және дін саласындағы құбылыстарды, дін феноменологиясы аясындағы классикалық теорияларды меңгере отырып, осы пән туралы пікірталастарды талдай алу, діндегі қасиеттілік тұжырымдамасы және оның бөлігі болып табылатын нуминоздылықты талдау алу;
- (ОН6) Бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде ғаламтор кеңістігіндегі салалардың мониторингін жасай алу, кәсіби қызмет аясында жекеленген тұлғалар мен топтардың іс-әрекетін талдау, бағамдау және сараптауға қабілетті болу;
- (ОН7) Денсаулықты нығайту, физикалық қасиеттер мен психо-физиологиялық қабілеттерді жақсарту және салауатты өмір салтын ұстану, өз кәсібі бойынша адамның психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасай алу;
- (ОН8) Философияның қалыптасуы мен даму кезеңдері жайлы түсінікке, философиялық мәселелерге талдау жүргізудің теориялық және танымдық тәсілдері жайлы білімге ие болу және философияның дінмен және мәдениетпен байланысының орны мен ролін, оның теориялық негіздері мен әлемдік озық үлгілерін талдауға бейімделу, дін мен мораль арасындағы байланысты оқу, діндегі моральдық құндылықтарды меңгеру, білім алушылардың өзінің кәсіби тұлғасын дамыту, дағдылар қорын толықтыру және ұлттық менталитетке негізделген қазақ ойшылдарының діни-философиялық дүниетанымдарының ерекшеліктеріне тоқталып, салыстырмалы-тарихи сараптама жасауға бейімделу;
- (ОН9) Теология ғылымының қалыптасу тарихы мен оның даму кезеңдері жайлы түсінікке, діни мәселелерге талдау жүргізудің негізгі теориялық және әдістемелік тәсілдері жайлы білімге ие болу;

- (ОН10) Исламның таралуы мен даму кезеңдері жайлы тарихи деректерді жүйелі оқып, ислам тарихына қатысты талдау жүргізуге бейімделу, ислам дінінің таралу және орнығу кезеңдері мен таралған аймақтардағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болу, мазхабтардың пайда болу себептері мен мазхабтар арасындағы ерекшеліктерді салыстыра алу және таралған аймақтардағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болу, осыған байланысты аймақтарда қалыптасқан ислам құқығының бастауы, қалыптасуы негіздерін, құқықтық мектептер мен олардың әдіснамасына қатысты білімге ие болу, Хадис тарихына және хадис ілімінің қалыптасуы жайлы білімге ие болу;

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдістері
Жалпы білім беретін пәндер модулі	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңдерінің тарихи сабақтастығы жөніндегі білімін көрсетеді Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді.	Оқыту барысында білімгерді оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол білімгерлердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген, біліктілікке бағытталған оқыту; әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары; кейс стади; жобалар әдісі қолданылады.
	Шетел тілі	Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады. Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі, сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді; сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін жеткізе алады.	Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі.
	Қазақ (Орыс) тілі	Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге

		прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады. Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауды; өз көзқарасын білдіруді; оны дәлелді түрде қорғауды; әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауды игереді.	негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді. Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады.	Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады.
	Философия	Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексстік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция,

		және коммуникациялық процес-терді жүзеге асыру тәсіл-дерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады.	дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді; базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады.. Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі.	
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пән-дер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті проблемаларды айқындайды.	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады.	
Қоршаған орта (ЖОО компоненті)	Экология және өмір қауіпсіздігі	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерлер-ден сақтану жолдарын игереді. Табиғи және техногенді апаттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі; қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді.	Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады.
Мамандыққа кіріспе	Араб тілі	Арабша сөйлемдерге грамматикалық кешенді талдау жасап, сөйлем	Пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы жә-

		құрылымының мағынасын араб тілінде түсіне алады Пәндік тарихты игеріп, пәннің жаңашыл заманауи даму барысын қадағалай біледі.	не мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру.
	Оқу практикасы	Оқу тәжірибесінен өткен білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады. Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды.	Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Ислам теологиясы	Ислам сенім негіздері, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен олардың қазақ мәдениеті мен дәстүріндегі көрінісі мен сабақтастығын біледі.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Мамандыққа кіріспе	Теология салаларына қатысты ақпаратты жинақтау және талдай білуге қабілетті болу. Теологиялық зерттеу әдістері туралы базалық жалпы кәсіби түсінігі қалыптасады. Теологиялық және философиялық мәселелерді түсінуге және талдауға қабілетті болады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
Дін тарихы және әлеуметтануы	Діндер тарихы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер діндердің тарихын зерттеуде қолданылатын әдістемелерді игереді діни мәтіндерді интерпретациялауға қабілетті болады Діндердің пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады.	Дәріс барысында жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, діндер тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған интербелсенді

			сабақтар ұйымдастырылады.
	Дін әлеуметтануы	Білімгерлер дін әлеумет- тануымен, оның негізгі ұғымдары және әдіснамалық ұстаным- дарымен танысады. Діннің классикалық және қазіргі теорияларын игеріп, оның эмпирикалық зерттеуле- рінің әдістері мен маңызды нәтижелерін меңгереді. Осы сала бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, өңдеп, жалпылай біледі.	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданы- луымен қатар, білім алушыға ой еркін- дігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргі- зіледі.
	Ислам философиясына кіріспе/ Ғылым және дін	Ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады. Ислам философиясы қарастырған кәләм ілімі, сонымен қатар перипатетикалық идеяларды пайымдау негізінде қалыптасқан күзіретті сенім мәселесіне қатысты ілімдерді игереді.	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
Адам және қоғам өміріндегі дін	Исламдағы құлшылық мәселелері	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде шариғат талаптарына сай тазаланужолдары мен тәсілдерін, намаз құлшылығындұрыс атқару тәртібін меңгереді. тазалық пен намаз құлшылығына қатысты сұрақтардың үкімдерінарнайы кітаптарға сүйене отырып баяндауға, дәрет, ғұсыл, таяммум, намаз құлшылығына қатысты мәселелердің үкімдерін түсіндіріп беруге күзіретті болады.	Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады.
	Дін және әлеуметтік конфликт	Дін және әлеуметтік конфликттің сипаттамасын анықтай алады. Дінді әлеуметтік конфликтіні қоздырушы және тоқтатушы қырларымен қарастыруға машықтанады. Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, Сұрақ-

		конфликттің мәселелерін меңгеріп шығады.	жауап, кейстер) қолданылады.
	Дін психологиясы	Дін психологиясының өзге ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен мәнін, оның объектісі, пәні, негізгі ұғымдарын игереді. Діни сана, діни тәжірибе, теологиялық және дінді ауыстыру мәселелеріне психологиялық талдау жасауға машықтанады.	Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады.
Мәдениет тарихындағы дін	Кәсіби бағытталған шет тілі / Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	Білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алады. Өртүрлі тақырыптар аясында коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады.	Грамматикалық, фонетикалық құбылыстарға компаративті анализ жасау, шет тілінде тұрмыстық тақырыпта қарым-қатынас орнату, шет тілінде ақпаратты қабылдай алу, әр түрлі тақырыптар ауқымында еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыратын әдістер қолданылады.
	Ислам этикасы/ Құрандағы мораль мәселесі	Исламдағы моралдік негіздер мен жолдарын меңгереді, базалық теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады Құрандағы моралдік негізгі тақырыптарына қатысты ғылыми көз-қарастары айқындалады.	Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады
	Яхудилік және христиандық тарихы / Христиан теологиясы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер яхудилік және христиан діндерінің тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді; яхудилік және христиандықтың пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады. Теологияның генезисін және оның өз	Жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады.

		алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді.	
Қазақстандағы ислам	Ханафи мәзһабының негіздері/ Хадистанушылардың әдістері	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, кәләмдық және саяси мәзһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады; Адамзат ойының тарихындағы еркіндіктің даму стихиясымен танысып, еркін ойлы болуға, өзгенің пікірін сыйлауға машықтанады.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Радикалды сана психологиясы/ Конфликт және стресс психологиясы	Дін психологиясының өзге ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен мәнін, оның объектісі, пәні, негізгі ұғымдарын игереді. Жаңа мәселелер мен жағдайларды креативті ойлаумен және шығармашылықпен шешуге қабілетті болады	Білімгердің өзіне деген сенімділігін күшейтіп, өз пікірін айту құқығы бар екендігін сезіндіре отырып, сыни ойлауға тәрбиелейтін интерактивті әдістер қолданылады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.
	Қазақстандағы ислам /Орта Азиядағы суфизм	Қазақ жеріне ислам дінінің келу, таралу және орнығу кезеңдері мен қазақ топырағындағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болады. Қазіргі Орталық Азия елдеріндегі сопылық тариқаттарының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына қатысты ақпарат жинап, салыстырмалы талдау жасай алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (анкета, презентация, кейс-стади, сын тұрғысынан ойлау, «миға шабуыл», топпен жұмыс т.б.) және де білімгерлердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Дін және қазіргі заман	Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті/ Дінтанулық сараптама	Пәнді толық игерген білімгер Түрік ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті кезеңдендіре талдау жасай алады. Түрік ислам мемлекеттерінің	Тарихи тақырыптардың шеңберінде ғана қалып қоймас үшін ислам тарихындағы жетістіктер мен

		мәдениеті мен тарихы адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады. Дінтанулық мәселелерге талдау жасау біліктілігіне ие болады.	қателіктерді күніміздегі жағдаяттармен салыстыра отырып дискуссия жасау әдістері басшылыққа алынады.
	ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар / Қазақстандағы діни басылымдар	ҚР діни сенім бостандығынн жүзеге асыру теориясы мен практикасын зерттеу арқылы, аналитикалық қабілетке ие болады. Пәнді игеру нәтижесінде түрлі діни басылымдар және ақпараттық нысандар саласындағы мәселелерді жинақтау, топтастыру және ықшамды түрде жеткізу, талдау қабілетін меңгереді.	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, инерактивті әдістер қолдану арқылы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізіледі.
Құран және діни өнер	Құран Кәрім	Құранды түпнұсқадан оқуға қабілетті болады. Құран оқу қағидалары мен ережелерін үйренеді; тәжуид қағидаларына сәйкес оқуды игереді.	Аудио-видео материалдар, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістері негізге алынады.
	Эстетика және діни өнер/ Дін және өнер	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер діни тәжірибеге эстетикалық тәсілді қолдану ерекшеліктерін түсіну үшін қалыптасқан әдістемелерді игереді. Діни өнер туындыларын қабылдап, оны интерпретациялауға қабілетті болады. Әлемдегі діндердің түрлі өнер салаларына әсерін, ықпалын зерделеп, соның негізінде өнер туындыларындағы діни мотивтерді айқындап, сипаттай алады.	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, өнер туындыларын тамашалау, эстетикалық түйсікті, қабылдауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Орта Азиядағы христиандық тарихы/Салыстырмалы дінтану	Пәнді толық игерген білімгер Орта Азиядағы христиандық тарихын, діндердің заманауи жаһандану дәуіріндегі жағдайын талдай алады.	Пәнді жүргізу барысында жалпы және жеке ғылыми әдістер, салыстырмалы, каузалды,

		Әлемдегі діндердің шығу тарихын және қазіргі жағдайына салыстырмалы талдау жасай алады.	герменевтикалық әдістер және оқытудан тыс түрлі әдістемелік жұмыстар орындалады.
Діни дүниетаным	Матуриди ақидасы/ Ақида қатысты қазіргі мәселелер	Ислам сенім негіздері, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен олардың қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріндегі көрінісі мен сабақтастығын біледі.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Хадис іліміне кіріспе / Діни мәтін герменевтикасы на кіріспе	Хадис мәтіндерінің мәні мен ерекшеліктерін, діни мәтіндерді зерттеу мен түсіндірудің негізгі тәсілдерін, мәтіндерді түсіну үшін қажетті терминологиялық аппаратты қалыптастырады.	Мәтінмен жұмыс жүргізіліп, Жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылады. Топтық әдістеме, Диалогті оқыту әдістері, сын тұрғысынан ойлау технолоиясы қоланылады.
Діни насихат және діни қозғалыстар	Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде Діни уағыз айтудың негіздері мен әдіс-тәсілдерін меңгереді. «Діни уағыз» курсты оқудың нәтижесінде студент діни уағыз жайлы жалпы түсінікке ие болып, хұтпалар мен уағыз-насихат айтудың жолдарын, уағызшының қоғамдағы рөлін және уағызшыға қойылатын талаптарын, діни уағыз мәтіндерінің ерекшеліктерін үйреніп, сондай-ақ ислам дініне қатысты алуантүрлі мәселелерге сараптама жасай білуге күзіретті болады.	Діни насихатты зерделеу жасауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	Бұл пәнді толық игерген білімгер жаңа терминдерді біліп, жаңа діни ағымдарға классификация жасауды меңгереді. Сонымен қатар, білімгер жаңа діни	Сабақ барысы қызықты әрі пайдалы болу үшін секталар мен діни культтерге қатысты видеолар көрсетіліп, олардың

		ағымдарды зерттей отырып, тарихы терең әлемдік және ұлттық діндердің қоғамдағы рөліне баға бере алады. Жаңа діни культтерді топтастыра отырып, білімгер діндерді «секта», «деноминация», «конфессия» сияқты категорияларға бөле алады.	діни кітаптары мен символдары пайдаланылады. Нақты статистикалық ақпаратқа қол жеткізу үшін ресми сайттар қолданылады.
	Өндірістік тәжірибесі	Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді.	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
Академиялық жазылым және тәжірибе	Академиялық жазылым	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді. Ғылыми басылымдарға зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялаудың жолдарын, талаптарын, кезеңдерін біліп шығады.	Сабақта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Диплом алды тәжірибе	Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады. Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді.	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдас-тырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.
Араб тілі	Араб тілі 2	Араб тіліндегі мәтіндерді сараптау барысында араб	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени,

		тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін игеріп, сөз мағынасын ажырата біледі Тілдік шеберліктерді пән ретінде тандаудың мақсаты мен міндеттерін игереді Араб тіліндегі арнайы мәтіндерге практикалық талдау жасай алады.	коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, шет тіліндегі мәтіндерді дискурсивті талдау әдістерін игереді.
Құқық және дін	Құран ілімдеріне кіріспе/ Тәпсір іліміне кіріспе	Қажетті құжаттарды өз бетінше талдауға машықтанып шығады. Тәпсір саласындағы негізгі еңбектермен таныс болады. Діни мәтіндерге тәпсір жасау әдістерін меңгереді. Жасалған тәпсірлердің мәнін түсініп, тәжірибелік маңыздылығын анықтай алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады
	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	Ислам құқығының бастауы, қалыптасуы мен негіздері құқықтық мектептер мен олардың әдіснамасына қатысты білімге ие болады Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады. Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы тақырыптармен салыстыра біледі.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Дін және модернизация/ Дін және отбасы	Ғылым мен діннің танымдық құралдарын талдауға; Ғылым мен діннің әлеуметтік функциялары мен перспективаларын қазіргі қоғам үшін тиімді тип, дүниетаным әдістері, қызмет түрлері ретінде түсіндіруге, ғылыми, ғылымнан тыс, діни тәжірибелерге артикулярды қарым-қатынас қалыптастыруға ие болады.	Салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
Ислам тарихы және діни дәстүр	Ислам тарихы / Мазһабтар тарихы	Ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интер-

		мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімге ие болады. Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, кәлемдық және саяси мәзһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады.	активті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	Постсекулярлы қоғамдағы дін / Еркін ойлау	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер қазіргі қоғамдағы діннің орны мен азаматтардың діндарлық деңгейіне қатысты дін әлеуметтануындағы жаңа зерттеулермен таныстыру арқылы Қазақстан қоғамындағы діннің орны мен рөлін анықтауға дағдыландыру. Адамзат ойының тарихындағы еркіндіктің даму стихиясымен танысып, еркін ойлы болуға, өзгенің пікірін сыйлауға машықтанады.	Гуманитарлық ғылым саласындағы жалпы әдістерді қолданумен қатар, білімгердің дүниетанымын кеңейту мақсатында, өз ойын еркін жеткізу, сабақта немесе қоғамда белсенді болу үшін дебат, ашық сабақтар жүргізіледі.
	Қазақ ойшылдары дін туралы/ Орта Азиядағы ислам тарихы	Қазақ ойшылдарының діни тұжырымдарының қалыптасуы мен ой-тұжырымдардың ерекшеліктеріне тоқталып, алғышарттарымен танысады. Орта Азия аумағындағы исламның таралу тарихын кезеңдерге бөліп қарастыра отырып, салыстырмалы-тарихи сараптама ұсына алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
Дипломдық жұмыс	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	Диплом жұмысын талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді. Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады Білім беру, бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады.	Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.

2. Майнор бағдарламасына енген пәндердің сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын құзыреттіліктер	Оқыту әдістері
Академиялық және іскерлік тіл	Академиялық мақсаттағы шетел тілі	Күнделікті қарым-қатынас жасау және компаниядағы жұмысқа тән бизнес ағылшын тілі аясында белсенді сөздік қорын қолдана біледі. Дәйектерді, фактілерді, оқиғаларды, оқылған және естіген материалдарды жазбаша түрде жеткізу, баяндама жазу, келіссөз, тұсаукесерлерді жүргізу, шетелдік серіктестермен кездесу, ресми жағдайларды телефон арқылы талқылау іскери хат алмасуды үйренеді.	Грамматикалық құбылыстардың білу, зерттеу субъектілерінің ішінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас негіздері практикалық шеберлігін қамтамасыз ету дағдысын үйренеді. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.
Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі	Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі	Шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзіреттілігін қалыптастыру негіздерін меңгеру, болашақ шетел тілі ұстазының шығармашылық, аналитикалық іс-әрекеттерінің теориялық болжамдарын белсенді түрде қалыптастыру; кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі студенттердің шетел тілін инновация технологиялар арқылы үйрену барысындағы танымдық қызығушылықтарын дамыту; шетел тілін қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерін білуі; педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асыра білу.	Заманауи технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісін тани білу. Шетел тілін оқытудың қазіргі әдістемесі, Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесін үйренеді. әдістемелік ерекшелігін түсіну. Шет тілін оқыту тәжірибесінде әртүрлі модельдерін қолдану; шет тілін оқытуда шынайы мәтіндерді пайдаланады, салыстырмалы талдау жасалады.
Шетел тілдерін оқыту әдістемесі, ойлау	Екінші шетел тілінің қарым-қатына-	Болашақ мамандығының қарым-қатынасының кәсіби және жеке дамуды қалыптастыруда коммуникативті ,мәдени	Білім алушының пәнді қабылдауын, жетілдіріп, оқуына бағытталған интербелсенді

түрлері, оқытылатын шетел тілінің мәдениеті	сының коммуникативті дағдылары	міндеттерді шешуге қажетті оқу ақпаратын іздістіру, талдау, бағалау, мәдениаралық күзiреттiлiгiн қалыптастыру, бiлiм беру және кәсiби қарым-қатынас мәселелерiн шешу үшiн тiлдiк бiлiм жүйесi туралы ғылыми ақпараттардың үйлестiрiлуi, оқудың мәдениетаралық, кәсiби және филологиялық бағытын тереңдетуге бағытталады.	сабақтар ұйымдастырылады.
--	--------------------------------------	--	------------------------------

3.3 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі күзiреттiлiктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН 1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1		+			+		+			
НҚ2	+		+	+						
НҚ3		+		+						
НҚ4					+	+	+			
НҚ5	+			+				+	+	
НҚ6	+					+				+
НҚ7								+		
НҚ8		+	+			+		+		+

НҚ – Негізгі күзiреттiлiктер

ОН – Оқыту нәтижелері

3.4 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытын ды бақылау	Академиялы қ кредиттер саны	Оқыту нәтиже лері
1 семестр					
1	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	ЖБП / МК	МЕ	5	ОН4
2	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
3	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
4	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	дифферен циальды сынақ	2	ОН7
5	Әлеуметтану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН2
6	Саясаттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН2

7	Экология және өмір қауіпсіздігі	ЖБП / ЖК	емтихан	5	ОН7
8	Араб тілі	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 3
Қорытынды				31	
2 семестр					
1	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
2	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
3	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф.сынақ	2	ОН7
4	Психология	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН2
5	Мәдениеттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН8
6	Мамандыққа кіріспе	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН9
7	Оқу практикасы	БП/ЖК	есеп	1	
8	Ислам теологиясы	БП/ЖК	емтихан	3	ОН9
9	Араб тілі	БП/ЖК	емтихан	4	ОН3
Қорытынды				29	
3 семестр					
1	Философия	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН8
2	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН6
3	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	дифференциальды сынақ	2	ОН7
4	Дін әлеуметтануы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2
5	Діндер тарихы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН5
6	Құран Кәрім	БП/ЖК	емтихан	5	ОН3
7	Эстетика және діни өнер/Дін және өнер	БП/ТК	емтихан	3	ОН1
Қорытынды				30	
4 семестр					
1	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф.сынақ	2	ОН7
2	Ислам философиясына кіріспе/Ғылым және дін	БП/ТК	емтихан	5	ОН8
3	Дін психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2
4	Араб тілі 2	БП/ЖК	емтихан	5	ОН3
5	Исламдағы құлшылық мәселелері	БП/ЖК	емтихан	3	ОН10
6	Ислам тарихы/ Мазһабтар тарихы	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
7	Орта Азиядағы христиандық тарихы/ Салыстырмалы дінтану	БП/ТК	емтихан	5	ОН1
Қорытынды				30	
5 семестр					
1	Дін және әлеуметтік конфликт	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2

2	Өндірістік тәжірибесі	Беп/ЖК	есеп	5	
3	Кәсіби бағытталған шет тілі/Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	БП/ТК	емтихан	5	ОН3
4	Ислам этикасы/Құрандағы мораль мәселесі	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
5	Яһудилік және христиандық тарихы/Христиан теологиясы	БП/ТК	емтихан	5	ОН1
6	Постсекулярлы қоғамдағы дін/ Еркін ойлау тарихы	Беп/ТК	емтихан	5	ОН2
Қорытынды				30	
6 семестр					
1	Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері	Беп/ЖК	емтихан	5	ОН3
2	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	Беп/ЖК	емтихан	5	ОН1
3	Радикалды сана психологиясы/ Конфликт және стресс психологиясы	БП/ТК	емтихан	5	ОН2 ОН7
4	Ханафи мәзһабының негіздері/ Хадистанушылардың әдістері/Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі (Майнордың 1-пәні)	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
5	Қазақстандағы ислам/Орта Азиядағы суфизм	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
6	Қазақ ойшылдары дін туралы/Орта Азиядағы ислам тарихы/Академиялық мақсаттағы шетел тілі (екінші) (Майнордың 2-пәні)	Беп/ТК	емтихан	5	ОН8
Қорытынды				30	
7 семестр					
1	Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті/ Дінтанулық сараптама	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
2	ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар/Қазақстандағы діни басылымдар/Екінші шетел тілінің қарым-қатынасының коммуникативті	БП/ТК	емтихан	5	ОН4

	дағдылары (Майнордың 3-пәні)				
3	Хадис іліміне кіріспе/Діни мәтін герменевтикасына кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	ОН10
4	Матуриди ақидасы/Ақидаға қатысты қазіргі мәселелер	БП/ТК	емтихан	5	ОН9
5	Құран ілімдеріне кіріспе/Тәпсір іліміне кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	ОН9 ОН10
6	Дін және модернизация/ Дін және отбасы	БеП/ТК	емтихан	5	ОН1 ОН5
Қорытынды				30	
8 семестр					
1	Академиялық жазылым	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН3 ОН6
2	Ислам құқығы/Қазіргі ислам құқығының мәселелері	БеП/ТК	емтихан	5	ОН10
3	Қазақ салт-дәстүрлері	БП/ЖК	емтихан	3	ОН8
4	Диплом алды тәжірибе	БеП/ЖК	есеп	5	
5	Диплом жұмысты жазу және қорғау/ немесе кешенді емтихан тапсыру		Кешенді емтихан немесе ДЖ қорғау	12	
Қорытынды				30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ				240	